*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

28 желтоқсан сенбі
№102 (2112)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығы

## Жұмысшы мамандықтарының жылын жариялау туралы

***2024 жылғы 27 желтоқсан***

Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1.2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялансын.

2.Қазақстан Республикасының Үкіметі Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.

3.Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ**

*Астана, Ақорда,*
*2024 жылғы 25 желтоқсан*
*№744*

**Баспасөз-2025**

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

**Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.**
**Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.**
**Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.**

# ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасап, қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық дамудағы іргелі өзгерістер мен табыстарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Президент биыл жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңіріне барды. Аймақтардағы 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандармен танысып, жұртшылықпен кездесті. Сондай-ақ ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысты. Олардың қатарында форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен жиындар бар. Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы осы жылы 3 979 құжатты қарап, қол қойды. Оның ішінде 95 заң, 319 жарлық, 81 өкім, 28 отырыс хаттамасы, 3 456 қызметтік құжат қабылданды (25 желтоқсандағы мәлімет бойынша).

Сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті. Сондай-ақ шет мемлекеттердің және үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен 49 мәрте телефон арқылы сөйлесті.

Енді осы сандармен өрнектелген жұмыс кестесінің барысында ел игілігі үшін жасалған істерге назар аударайық.

Ең әуелі, жыл басындағы ақжолтай жаңалықты айта кеткен абзал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойды. Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылды. Осылайша, келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды. Бірнеше жылдан бері талқыланып келе жатқан жаңа урбанистік жобаны жүзеге асыруға шетелдік инвесторлар айрықша қызығушылық танытып отыр. Президент Сингапур сапарында және одан кейін де әлеуетті инвесторлармен кездесіп, Алматы агломерациясын өркендеген экономикалық аймаққа айналдыруды көздейтін жобаның жай-жапсарын талқылады.

### ҰЛТ ҰПАЙЫН ТҮГЕНДЕГЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында – Атырау облысында өтті. Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай, биыл Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы Заңға қол қойылды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Вандализм мен өзгенің мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, вейпке тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды. Аталған бастамаларға қатысты заң жобаларын әзірлеуге Парламент депутаттарымен қатар, Ұлттық құрылтай мүшелері де белсенді атсалысты. Осылайша, Президент үнемі айтатын «Заң мен Тәртіп» үстемдігі қоғамда біртіндеп орнығып келеді.

**2-БЕТТЕ**

# ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШЫРША ТОЙЫ

**Осы аптада Өнер орталығында шаһар басшысының бүлдіршіндерге арналған жаңа жылдық кеші өтті. Жаңа жылдық шырша барша балдырғанды қуанышқа кенелтті. Өнер орталығының іші жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер әлеміне айналды. Сән-салтанатқа толы мерекелік шараға оқуда озат, спортта, өнерде алда жүрген оқушылар мен әл-ауқаты төмен көпбалалы отбасының балалары қатысты. Көңілді өрілген мерекеге қала мектептерінен 100-ге жуық бала қатысты.**

Шырша тойына қала әкімі Нұржан Ахатов қатысып, бүлдіршіндерге ізгі лебізін жеткізді.

– Баршаңызды үлкен үміт отын жағатын, қуаныштан, махаббаттан бастау алатын, айналаға нұр болып шашылатын, әрбір шаңыраққа шуақ болып тарайтын шырайлы сәт – Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Ел Президентінің тапсырмасымен Қазақстанның түкпір-түкпірінде, біздің қаламызда жаңа мектептер, білім беру нысандары ашылып, көптеген ойын алаңы салынуда. Биыл облыс көлемінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен бой көтерген 21 мектептің алғашқысы Сыр өңірінің бас шаһарында ашылып, шәкірт қабылдады. Заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Бәріңе бақытты балалық шақ, жарқын болашақ тілеймін. Жаңа жыл құтты болсын! – деді шаһар басшысы.

Мерекелік кешке келген балалар ойын ойнап, ән шырқады, театрландырылған қойылым тамашалады және естелік сыйлық алды. Әдемі кештің куәсі болған баланың бірі – Б. Шалғынбаев атындағы №217 IT мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы Асманұр Төрехан.

– Жаңа жылдық мерекеге қатысқаныма қуанышты-мын. Мектептің үздік оқушысы ретінде мені таңдағаны үшін ұстаздарыма рахмет айтамын. Жаңа жыл мерекесін оқушылар асыға күтеді. Жаңа жыл жаңа үміттің белгісі, жаңа арман-мақсаттарға жол бастайтын қуанышты мереке. Жаңа жылда жақсылықтар көп бола берсін, – дейді ол.

Асыға күткен мерекелік шараға балғындар түрлі дайындықпен келгені байқалады. Олардың мерекелік костюмі өздеріне жарасып-ақ тұр. Бүлдіршіндер сан алуан ойыншықпен безендірілген шыршаны ерекше қуанышпен айналып жүр. Аяз ата мен Ақшақар да қоржынын түрлі тәттіге толтыра келген. Әсем ән, жаңа жылдық би бүгінгі мерекенің шырайын келтірді.

**Айтолқын АЙТЖАНОВА**

**Ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы көпшілік көкейіне үміт отын жақты. Мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қабылданған бұл жоба өзінің өміршеңдігін көрсетті.**

# «АУЫЛ АМАНАТЫ» АУЫЛҒА НЕ БЕРДІ?

## Үміт артқан жоба

«Ауыл аманаты» жобасы – ауылды дамыту жөнінде 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында жүзеге асуда.

Ресми деректерге сүйенсек, ауылдарда 7,7 миллион адам тұрады. Бұл халықтың 41 пайызын құрап отыр. Қазіргі уақытта ауыл және қала тұрғындары табысының айырмашылығы – 38 пайыз. Сондықтан ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту бағытында жобаның маңызы зор. Жоба бойынша 2029 жылға дейін ауылдарда 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Осының негізінде 1 миллион ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылады. Ал осы мақсаттағы жұмысқа мемлекеттік бюджеттен бір триллион теңге көлемінде қаражат бөлінген.

Жақында «Ауыл аманаты» жобасының нәтижелерін қорытындылап, алдағы уақытта атқарылар жұмыстарды пысықтау үшін Қызылорда облысында республикалық семинар өтті. Семинар барысында ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова бағдарламаны дамыту мақсатында «AMANAT» партиясымен бірлесіп, ауқымды жұмыс атқарылғанын айтып өтті. Атап айтсақ, бұл жоба арқылы 16 мың шағын несие беріліп, 17 мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылған.

– Келесі жылға ауыл шаруашылығы министрлігі 50 млрд теңге бөлсе, 2026 жылы да осынша қаржы қарастырылады. Оған несиелерден қайтарылған қаражат қосылады. Аймақтарға бұл қаржы бірнеше талаптарды ескеріп, берілуде. Ұсынылатын жобаларда өндіріс пен өнім өткізудің нақты схемасы болуы қажет. Несие беру, қайтару және оны алушыларды есепке алатын ақпараттық жүйе орнатылуы тиіс. Бөлінген қаражаттың 20% ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне, тағы 20% қайта өңдеуге, 60% басқа да бағыттарға, – деді Тамара Дүйсенова.

«Ауыл аманаты» жобасының алдағы уақыттағы басты мақсаты – диқанның өнімін тұрақты өткізу жолын табу арқылы табысын көбейтуге жол ашу. Вице-премьер бұл міндетті іске асыру үшін жауапкершілік ауылдық округтердің, аудандар мен облыстардың әкімдеріне жүктелетінін атап өтті.

**4-БЕТТЕ**

# 2025 ЖЫЛ: АЙЫППҰЛ ҚАНШАҒА ӨСЕДІ?

**Сәл қисық кетсең, қалтаңа салмақ түседі. Өзі жұқарған қалта тесілуге айналды. Әлеуметтік желіні ашсаңыз, жүрсең де айыппұл, тұрсаң да айыппұл. Айыппұлдан қажыған халық тіпті «Штрафстан» деп видео түсіріп, пікір қалдыратын болды. Ал жыл сайын айлық есептік көрсеткіш өскен сайын айыппұл да соған сай көтерілетіні анық. 2025 жылы 1 қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш өткен жылғыдан 6,5 пайызға жоғары болады деп жоспарлануда.**

**4-БЕТТЕ**

# ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ

## БІРЛІКТІҢ БЕКЕМ ҮЛГІСІ

Көктемгі су тасқыны елді әбігерге салып, халықтың да, мемлекеттің де мүлкіне зор зардабын тигізгені белгілі. Еліміздің 10 өңірінде жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы адамдарды дереу қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берді. Ең көп зардап шеккен үш облысқа, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барып, халықтың мұңмұқтажын тыңдады.

Тасқын судың салдарынан мал-мүлкінен айырылған жандардың ешқайсысы елеусіз қалған жоқ. Мемлекет міндеттемесін толық орындады. Зардап шеккендердің бәріне материалдық, қаржылай қолдау көрсетілді.

Атап айтқанда, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар жұмыс істеді, олар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19359 үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5767 тұрғын үй сатып алынды. 9156 үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жүз пайыз аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2680 жеке тұрғын үй салынды.

Бұған қоса 36455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, яки 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлінді. Зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілеріне толық төлем жасау мақсатында «Демеу» корпоративтік қорынан Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына 2,5 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлу мәселесі пысықталды. Аталған қаражат есебінен ШОБ субъектілерінің 40 өтініші бойынша шығыны өтелді. Жалпы, өңірлік комиссиялар 14,6 млрд теңгеге 734 кәсіпкердің өтінімін мақұлдады.

Тағы бір айта кетерлігі, мал шығынын төлеу үшін мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

Осындай қиын-қыстау сәтте халқымыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті.

## АЛЫС-БЕРІС АРТТЫ

Жыл басында, яғни 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуді тапсырған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Президент еліміздің таяу келешектегі экономикалық дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындады. Үкімет жыл бойы осы негізгі міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін жұмсады.

Мәселен, 2024 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша шетелден келетін тікелей инвестицияның жалпы көлемі 9,8 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш тау-кен өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, өңдеу өнеркәсібі салаларында көбірек тіркелді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі қаңтар-қараша айларында 15,8 трлн теңгеге жетті. Бүгінде 795,9 млрд теңге көлеміндегі сомаға 134 жоба іске қосылды, 10,1 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Мемлекет басшысы жаңадан жұмысын бастаған бірнеше ірі зауыт пен кәсіпорынға арнайы барып, қызметімен танысты.

## БАРЫС-КЕЛІС ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Еліміздің көлік-транзит әлеуетін арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктер бар. Мысалы, Президент 28 ақпанда телекөпір арқылы Қытайдың Сиань қаласындағы Көлік-логистика орталығын ашты.

Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.

Сиань құрғақ портындағы қазақстандық терминалдың жобалық қуаты жылына – 66,5 мың ЖФЭ (жиырма футтық эквивалент). Терминал еліміздің экспорттаушылары үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

**Басы 1-бетте**

3 шілдеде Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Қытай – Қазақстан – Каспий теңізінің акваториясы – Әзербайжан – Грузия арқылы өтіп, әрі қарай Еуропа елдеріне баратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты уақыт жағынан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді көлік жолына айналады.

Сонымен қатар Өзбекстанмен арадағы көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту және Трансауған теміржолы бағытын дамыту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде 1,4 мың шақырым теміржол жөндеуден өтіп, 12 мың шақырым автокөлік жолы салынып жатыр. «Талдықорған – Өскемен», «Қарағанды – Алматы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» жолдарының халықаралық талаптарға сай жаңғыртылуы еліміздің өңіраралық байланысы мен транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыра түседі.




Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары қаншама жылдан бері күткен Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір құрылысы аяқталғанын айта кеткен ләзім. Бұл Марқакөл, Күршім аудандарының облыс орталығымен байланысын жеңілдетті. Бұған дейін аталған аудандардың халқы паром арқылы қатынап келген еді.

Еліміз жол инфрақұрылымына халықаралық даму институттарынан мол қаржы тартып отыр. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк Көлік жолдарының орнықтылығы мен байланысын жетілдіру бағдарламасы (TRACE) аясында атқарылатын қазақстандық жобаға 650 млн доллар бөлу жөнінде шешім қабылдады. Бұл қаржы Орта дәліздің әлеуетін арттыруға, соның ішінде «Жезқазған – Қарағанды» автомагистралін күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалады. Сондай-ақ Азия даму банкі «Қызылорда – Жезқазған» жолының құрылысын жүргізуге 300 млн доллардан аса қаражат бөлді.

## ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРГЕН ЖОБАЛАР

Президенттің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елді мекендерде 460 мың оқушыға арналған жаңа 217 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 36 мектеп пайдалануға берілді. Оның 15-і ауылдық елді мекендерде орналасқан. Бұл – білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту ісінде қала мен ауылға бірдей көңіл бөлінеді деген сөз.

Ал бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін 276 нысанның құрылысы аяқталды. Оның 99-ы 2023 жылы, ал 117-і биыл іске қосылды. Келер жылы 125 нысанның құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 32 аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

## БИЫЛ РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыруға айрықша мән береді. Шетелге сапарлары кезінде осы саланың инвестициялық мүмкіндіктерін ұдайы таныстырып жүреді.

Биыл көктемгі су тасқынына қарамастан, 26,7 млн тонна астық жиналды. Бұл – кейінгі 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Мұны мемлекеттің диқандарға көрсеткен жүйелі қамқорлығы мен қолдауының нәтижесі деуге болады.




Көктемгі егін және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлемемен тікелей жеңілдетілген несие беріле бастады. Ол үшін алғаш рет жарты триллион теңгеден аса қаржы қарастырылды.

Негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайту – маңызды міндет. Осы бағытта бірқатар жоба іске асырылды. Дәнді-дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Диқандар отандық тұқыммен қамтамасыз етілуге тиіс.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу үшін 120 млрд теңге бөлінді. Техниканы 5 пайыздық мөлшерлемемен лизингке беру бағдарламасы басталды.

Өндірілген азық түлікті сақтап, тұтынушыға жеткізуге қойма-логистика кешендері керек. Алдағы жылдары сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салынады.

Жалпы, биыл алғаш рет өткен Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі міндеттері айқындалды. Онда көптеген іс-шарамен қатар, қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданғаны айтылып, енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам ретінде Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құру жөнінде тапсырма берілді.

## БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Яғни қоғамда адал еңбек, адал азамат құндылықтарын сіңіру жолындағы жүйелі істер атқарыла бастады. Мысалы, денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты заң медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін айқындап қана қоймай, олардың мәртебесін арттыруды, кәсіби міндетін атқару барысында жан-жақты қорғауды көздейді. Дәрігерлер қауымы бұл жаңалықты ыстық ықыласпен қабыл алды. Тұңғыш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы бекітіліп, алғашқы иелеріне табысталды. Жалпы, биыл мемлекеттік наградаға еңбегімен үлгі болып жүрген ел азаматтары көп ұсынылды. Келер жылы бұл игі дәстүр жалғасын тауып, еңбек адамына зор құрмет көрсетіледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы білім мен технологияға негізделген экономика құру ісіне зор көңіл бөледі. Мұның бір көрінісі ретінде биыл Ғылым және технологиялық саясат туралы заңға қол қойылуын айтуға болады. Онда ғылыми жетістіктердің нәтижесін өндіріске енгізуді көздейтін технологиялық саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктері барынша қамтылды.

## ТАЗАЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕН БАСТАЛАДЫ

Президенттің бастамасымен сәуір айында жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Көктемгі су тасқынымен арпалысып, дағдарған шақ болса да, Президент өңір әкімдеріне босаңсымай, айналаны тазалау, абаттандыру ісіне дереу кірісуге пәрмен берді. Бұл жалпыұлттық сипат алатын тұрақты үдеріске айналуға тиіс екенін қатаң ескертті. Түпкі мақсат – қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Жыл бойы жүргізілген акцияға 2,4 миллионға жуық адам қатысты. Жүздеген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан аса қоқыс шығарылды. Шамамен 2,5 миллион көшет отырғызылды. 20 мыңнан аса әлеуметтік нысанның аумағы, 4,6 мыңнан аса қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. 5 мыңнан аса тарихи-мәдени нысан

және 758 субұрқақ ретке келтірілді. Өзендер мен көлдердің және басқа да су айдындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден аса аумақ, 8,4 миллион метрден аса арық тазартылды.

## ТАҒДЫРШЕШТІ ТАҢДАУ

6 қазан күні АЭС құрылысына қатысты өткен жалпыұлттық референдумда халық өз ықтиярын білдіріп, таңдау жасады. 5561937 азамат немесе дауыс берушілердің 71,12 пайызы АЭС салуды қолдады. Президент АЭС құрылысына байланысты «Бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр стансасын салу – ұзақмерзімді жоба. Аталған бастама еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен әртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді», деп атап өткен болатын.

Референдумнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік сапары аясында осы елдің Президенті Эммануэль Макронмен және Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинмен АЭС құрылысы туралы пікір алмасты. Қазіргі уақытта Қытай тарапымен осы бағытта келіссөздер жүргізіліп жатыр. Яғни бірнеше жылға созылатын мегажобаны жүзеге асыру атом өнеркәсібінде мол тәжірибесі бар ірі компаниялардан құралған халықаралық консорциумға жүктеледі.

Жуырда Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиевті қабылдап, елімізде салынатын атом электр стансасының құрылысын жеделдетуді тапсырды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Еліміздің сыртқы саясаттағы жетістіктеріне арнайы тоқталған жөн. Қазақстан биыл алты халықаралық ұйымға, атап айтқанда, ШЫҰ, ТМҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ-ға, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етті. Франциямен бірге Рияд қаласында One Water саммитін ұйымдастырды. Осы жауапты миссияларды еліміз абыроймен атқарып шықты. Жоғары деңгейдегі кездесулерде маңызды бастамалар көтеріп, тиісті құжаттардың қабылдануына ұйытқы болды. Егемен әрі дербес ел ретінде өзінің саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздік салаларындағы басымдықтарын ілгерілете түсті.

Жыл басынан бері Мемлекет басшысы Қатар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Моңғолия, Франция және Мажарстан елдеріне мемлекеттік сапармен, ал Италия, Ватикан, Армения, Түрікменстан және Сербия елдеріне ресми сапармен барды. Мұндағы кейбір елдерге Қазақстан Президентінің соңғы 20 жылға жуық уақыттан кейін алғаш рет сапарлағанын атап өткен жөн. Бұл Мемлекет басшысының жан-жақты ықпалдастыққа баса назар аударатынын аңғартады. Мемлекеттік және ресми сапарлардан бөлек Президент түрлі халықаралық іс-шараларға қатысу үшін 11 елге жұмыс сапарымен барды. Бұдан басқа, елімізге түрлі деңгейдегі сапармен келген 11 шет мемлекеттің басшыларын қабылдап, келіссөздер жүргізді.

Бір жыл ішінде еліміздің бірінші борты 158983 шақырымды ұшып өтті. Президент ұшақ пен тікұшақта 245 сағат 18 минутын өткізді. Бұл – жер шарын төрт рет айналып шыққанмен бірдей қашықтық.

## САЛИҚАЛЫ САММИТТЕР

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық аясында шілде айында Астанада аталған құрылымның 24-саммиті өтті. Қазақстанның Ұйымға төрағалық ету кезеңінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ұйымның шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықты. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың саны көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Алматы қаласы 2023–2024 жылдары ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.

Биыл еліміз Түркі мемлекеттері ұйымына лайықты төрағалық етті. Осы кезеңде 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылды. Ортақ түркі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Бес күн бойы Ұлы дала төсін дүбірге бөлеген V Дүниежүзілік көшпелілер ойындары осы ұйымның аясында ұйымдастырылған ең маңызды шараның бірі болды. Дүбірлі додаға 90 елден 2 500-ге жуық спортшы келіп, күш сынасты.




## БАСПАСӨЗБЕН БАЙЛАНЫС

Мемлекет басшысы отандық және шетелдік БАҚ-қа бірнеше рет сұхбат беріп, еліміздің ұстанымын білдіретін мақалаларын жариялады. Атап айтқанда, жылдың алғашқы күндері «Egemen Qazaqstan» газетінде кең көлемдегі сұхбаты жарық көрді. Онда Қаңтар оқиғасына нақты баға беріліп, ел дамуындағы өзгерістер қамтылды.

Сондай-ақ Әзербайжанның АРА, Армениядағы «Арменпресс», ҚХР-дың «Синьхуа» ақпарат агенттіктеріне және «Жэньминь Жибао» газетіне сұхбаттары, Францияның Le Figaro, Ресейдің «Известия» басылымдарына мақалалары жарияланды.

Биыл Мемлекет басшысы екі рет журналистерге арнап брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс бергеннен кейін Президент отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Ал 7 желтоқсан күні Доха форумының Newsmaker Interview форматындағы панельдік сессиясы кезінде модератор, CNN журналисі Джулия Чаттерлейдің сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ Президент шет мемлекеттер басшыларымен бірге БАҚ өкілдеріне арналған 14 брифинг өткізді.

Жыл басынан бері www.akorda.kz ресми сайтына Мемлекет басшысының жұмысы туралы, соның ішінде әртүрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулері, Қазақстан халқына Жолдауы бойынша 814 ақпарат жарияланды. Президент Баспасөз қызметінің негізгі платформасының бірі – Aqorda телеграм-арнасына 7804 ақпараттық материал шықса, Баспасөз қызметінің Facebook-тегі парақшасына 1801 пост, Instagram парақшасына 1 727 пост жарияланды.

Мемлекет басшысының өзі де шетелге сапарлары, қабылдаған шешімдері жайында әлеуметтік желілердегі парақшаларына пост жариялап, олардың мән-мазмұнынан көпшілікті хабардар етіп отырады. Бұл халықпен кері байланыстың тиімді құралына айналғаны сөзсіз. Жыл басынан бері Президент Х-парақшасына 20 твит, ал Instagram парақшасына 30 пост жариялады.

Әлеуметтік желіден бөлек Мемлекет басшысының атына келіп жатқан өтініш, арыз-шағымдар мен талап-тілектерді талдап, саралау Президент Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне жүктелген. Биыл 26 желтоқсандағы мәлімет бойынша, дәл осы платформа арқылы азаматтардан 49 069 өтініш қабылданды.

Бір жылда атқарылған ауқымды шаруаны бір мақаланың шеңберінде қамтып шығу әсте мүмкін емес. Дегенмен жұрт жадында сақталған, мемлекеттің даму тарихында өзіндік орны бар оқиғаларды осылай сараптап өттік.

**Берік УӘЛИ,**
ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы

**Мінберде елдің жайын көтеріп, әрдайым белсенділік танытып жүрген ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов – халық үшін ашық, жариялылықтан қашпайтын халық қалаулысының бірі. Жыл аяқталар тұста сырбойылықтар сенім артқан мәжіліс депутатынан сұхбат алудың сәті түсті.**

### Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

# ҚЫЗЫЛОРДА КӨШБАСШЫ АЙМАҚҚА АЙНАЛДЫ

**– Мемлекет басшысының Сыр еліне сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтың Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының 566 шақырымын I санатқа, яғни 4 жолақтыға ауыстыру мәселесін көтергенінен хабардармыз. Парламент қабырғасында осы мәселенің шешімін табуына депутаттар қаншалықты атсалысты?**

– Президент Сыр еліне сапарында бұл жолдың тым тар екенін айтып, Үкіметке мәселені назарда ұстауды тапсырған еді. Бұл мәселе шешімін таппақ. Көлік-логистика саласының әлеуетін дамыту тақырыбындағы Үкімет сағатында көлік министрі Марат Қарабаев қолданыстағы жолдарды дамыту үшін 2030 жылға дейін жол салу жоспарланғанын жеткізді.

Министрдің ақпараты бойынша, 2027 жылдан бастап 736 шақырымдық Бейнеу – Сексеуіл автожолын салу жоспарлануда. Халықтың көптен күткен арманы орындалады. Бәріне байыппен қарау қажет.

**– Несиеге батқан халықтың қаржылай сауатын арттыру мақсатында биыл «Қарызсыз қоғам» жобасы жүзеге асты. Сіздіңше жоба өзінің ойға алған мақсатына жетті ма?**

– «Қарызсыз қоғам» – «AMANAT» партиясының жобасы. Партияның көмегімен 780 мың адам қаржылық сауаттылықты меңгерген. Мемлекеттің барлық ресурсы ел азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл – Президенттің саяси және әлеуметтік реформасының басты мақсаты. Жобаны табысты жүзеге асыру мақсатында партия, Парламент, Үкімет, жергілікті билік органдары, қаржы секторының өкілдері мен белсенді азаматтар бірлесіп жұмыс істеуде. Халықтың шектен тыс несие қарызына бату мәселесін шешу мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүйелі шара қабылдауда.

**– «Ауыл аманаты» жобасы ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған. Ауылдың әлеуетін көтеруді мақсат еткен жобаның нәтижесіне көңіл тола ма? Пікіріңізді білсек...**

– Мемлекет басшысы өз жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен оның қосылған құнын арттыру, кооперативтерді дамыту стратегиялық міндет екенін атап өткен еді. Ал ел тұрғындарының табысын арттыру мәселесін шешу – «AMANAT» партиясының негізгі басымдықтарының бірі. «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылған сәттен бастап 16 мыңға жуық ауыл тұрғыны жеке кәсібін бастау үшін 2,5% жеңілдікпен шағын несие алды. Нәтижесінде 17 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Бүгінде «Ауыл аманаты» жобасы Қызылордада сәтті жүзеге асырылуда. Бағдарламамен аймақтың өндеу өнеркәсібі, мал, егін шаруашылығы және басқа да келешегі бар салаларында 610 жұмыс орнының ашылуына септігін тигізген 575 жоба іске асты.

Осылайша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы ауылдықтардың табысы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға септігін тигізуде.

**– Құрылыс компаниялары жеке үлескерлердің мүддесіне нұқсан келтіріп жатқан тұстары көптеп кездесуде. Құрылыс саласына қатысты заңдарға да өзгеріс енгізу керек секілді. Мәжілісте бұл мәселені қаншалықты көтеріп жүр?**

– Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарадық. Аталған заң жобасы бойынша жұмыс тобында мүше болдым. Жұмыс тобының отырысында мәселені сарапшылар мен мүдделі мемлекеттік органдармен бірге кеңінен талқыладық. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңның қабылданғанына 18 жылдан аса уақыт өтіп, оған 35-тен астам өзгеріс енгізілген. Алайда «заңсыз құрылыс», яғни заңнаманы айналып өтіп, азаматтармен шарт жасасу проблемасы әлі күнге дейін шешілген жоқ. Осыған орай депутаттар заңды «айналып өтіп», осындай шарт жасасуға тыйым салу бойынша Азаматтық кодекске түзетулер енгізді. Кодекстегі жаңа өзгерістер құрылыс саласындағы заңсыздықтардың белең алуына кедергі болады деп ойлаймын.

**– Жақында жаңа бюджет кодексі қабылданды. Қандай өзгеріс бар?**

– Өткен жылы Президент жаңа экономикалық модельге көшу қажеттігі туралы ауқымды міндет қойған болатын. Осы бастаманы жүзеге асыру үшін жаңа заңнамалық негіздер қалыптастырып жатырмыз.

Елдегі экономикалық реформалардың қос тірегі – жаңа бюджет және салық кодексі болмақ. Мәжіліс соңғы екі сессия бойы осы құжаттармен белсене жұмыс істеді.

Жаңа бюджет кодексі жан-жақты талқылаудан өтті. Бюджет саясаты төңірегінде қызу пікірталас болды. Кодекс жобасы қоғамдық палата отырысында да қаралды. Депутаттар мен сарапшылар тарапынан айтылған сын-ескертпенің барлығы осы қабылданған құжатта ескерілді. Кодекс болжау сапасын және бюджет кірісін арттыруға бағытталған. Оның басты мақсаты – қаражатты жай ғана игерумен шектелмей, бюджет саясатын нақты нәтижеге қол жеткізуге бағыттау.

Мемлекет басшысы бюджет қаражатын ұқыпты, әрі үнемдеп пайдалану жөнінде бірнеше рет арнайы тапсырма берді. Бұл жаңа кодексті әзірлеуде негізге алынды. Жоспарлау аясын кеңейту үшін енді 10 жылға арналған ұзақмерзімді болжам жасалады. Бұл тәсіл қысқа мерзімге және ұзақ мерзімге бюджет шығысын дұрыс жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бюджет түсімі мен шығысын бақылау күшейтілді. Бұдан былай республикалық бюджетке енгізілетін барлық түзету туралы Парламентке хабарланатын болады. Сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметіне парламент бақылауы күшейеді.

Бұдан бөлек, ұлттық әл-ауқат қорының портфельдік компанияларынан

алынған дивидендтердің кем дегенде 50 пайызын және қалған квазимемлекеттік мекемелердің таза табысының кем дегенде 70 пайызын бюджетке аудару нормасы бекітілді.

Бюджет кодексі тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік әділеттілікке бағытталған бюджет саясатын жақсартуға ықпал етеді деген үміттеміз.

**– Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы пікір білдірсеңіз...**

– Қызылорда облысы қай салада болсын даму жағында көш бастап келеді. Аймақ бюджеті айтарлықтай өсіп, 744 млрд теңгеден асты. Соңғы жылдары Сыр өңірінде ауыз толтырып айтарлық жоба көп. Әсіресе инвесторлар есебінен салынған нысандар бойынша өзге аймақтардан озық тұр. Аймаққа 1.4 трлн теңге инвестиция тартылған. Солардың бірі – жаңа әуежай терминалы. Ел үшін маңызды жоба – түрік компаниясы өз қаржысына заманауи жылу-электр орталығын салып жатыр. Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен көптеген жоба жүзеге асуда. Тағы бір жағымды жаңалық – Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілуде. Бұл – үлкен қолдау. Жоба құны 26 млрд 200 млн теңгені құрайды. Келесі жылу беру маусымында қала толық ыстық сумен қамтамасыз етілмек.

Сондай-ақ биыл Қызылордада «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 575 жоба жүзеге асырылса, облыс 52,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін экспорттаған. 16 медициналық нысан ел игілігіне табысталған.

**– «Үшқұдық – Қызылорда» бағытында автомобиль жолын салу бойынша депутаттық сауал жолдапсыз. Бұл бастамаңыз Үкімет назарына алынған болар...**

– Ежелден еншілес, тарихы тамырлас екі ел – тәуелсіз Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы саяси, экономикалық тығыз қарым-қатынас жаңа кезеңде өрбуде. Бүгінгі таңда екі ел арасындағы сауда және тауар айналымы жылдан жылға артып келеді. Осыған орай, Өзбекстанға төте жолмен баруға Қызылорда облысы ақылы автомобиль жолын салудың маңыздылығы мен қажеттілігі күн сайын артуда. Біріншіден, ауылшаруашылық және өнеркәсіп өнімдерін тасымалдауға дұрыс бағыт болса, туризмнің де дамуына әсер етеді. Онда Өзбекстанның Бұқара, Самарқан қалаларына келген туристер сапарын Қызылордадағы Қорқыт бабамыздан бастап, Ұлытау облыстарына дейін жалғастыруға мүмкіндік алады. Осылайша, бұл өңір туризмін дамытуға оң серпіліс бере алатын халықаралық жол болады. Ал Ұлытау өңірінің туристік әлеуеті өте жоғары.

Екіншіден, «Қызылорда-Жезқазған» күре жолы арқылы Астана қаласына тікелей жол қатынасы ашылып, Ресей мемлекетіне шығуға мүмкіндік береді. Республикалық маңызы бар «Самарқанд-Шымкент» автомобиль жолынан бастау алып, Қызылорда облысы арқылы Өзбекстан Республикасының «Көкаяз» елді мекеніне дейін, ұзындығы 179 км, 2 жолақты, қозғалыс бөлігінің ені 9 метр құрайтын II санаттағы автомобиль жолы түседі.

Үшіншіден, автомобиль жолының құрылысы іске қосылған жағдайда екі ел арасындағы автокөлік қатынасындағы арақашықтық шамамен 1330 шақырым қысқарып, сауда айналымының көлемі бірнеше есеге өсетін болады. Бұл жұмыстар Үкімет назарына алынды.

**– «Face ID» жүйесін балабақша, жекеменшік мектептерге және артспортқа енгізу жөнінде мәселе көтеріпсіз. Шынында жүйе жариялылық үшін қажет. Әсіресе, бала жайын ойласақ, қай кезде де ашықтық керек екені байқалады.**

– Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралып, қызу талқыға түсті. Талқылауда өз пікірімді білдірдім. Пікірге тұрткі болған мәселе – баланы емес, бизнесті ойлап, есепсіз кетіп жатқан қаржылар. Дұрыс жұмыс істемейтін жеке балабақшаларға, мектеп пен артспортқа қаржы бөлуінде мәселе бар. Бұл дегеніміз, олардың қызметі ашық екендігіне күмән келтіреді. Қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді.

Сыр өңірінде «Face ID» жүйесін енгізгелі бері 18 млрд теңге қаражат үнемдеген. Мұны тек бір облыс енгізіп отыр. Қалған басқа облысты енгізсек, жүздеген миллиард қаржы үнемдейміз. Сол қаражатты сапалы білім мен тәрбие беруге жұмсасақ деген ұсынысымды жеткіздім.

**– Сұхбатыңызға рахмет.**

Сұхбатты жүргізген
**Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

---

*Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №1092 қаулысы*

**Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 5 қарашадағы №02-11/592 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Назтаев Жасулан Кенесбековичтің Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Талғат Әбуов көшесі, №38 В мекенжайындағы үй жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) құрылыс жүргізу және қызмет көрсету үшін көлемі 2700,0 (екі мың жеті жүз) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-038-850 жер учаскесін мәдениет үйінің құрылысы салынуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 28 наурыз болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43 ғимарат, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі меншік иесі ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ**

---

*Постановление акимата города Кызылорда №1092 от 27 декабря 2024 года*

**О начале принудительного отчуждения земельного участка илиного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд**

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Белкуль города Кызылорды» акимата города Кызылорда №02-11/592 от 5 ноября 2024 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка кадастровым номером 10-156-038-850 для государственных нужд у собственника Назтаева Жасулана Кенесбековичав связи со строительством дома культуры, расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Белкуль, улица Талгат Абуова, №38 В, площадью 2700,0 (две тысячи семьсот) квадратных метров для строительства и обслуживания зданий (строений и сооружений).

2. Датой принудительного отчуждения определить 28 марта 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников и негосударственных землепользователей, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н.АХАТОВ**

---

# СуперЦОН: Азаматтардың уақытын үнемдейтін жаңа формат

**ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиев Қызылорда облысына сапары барысында «СуперЦОН» жұмысымен танысты. Бұл бастама «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыс бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету орталығынан бастау алған.**

«СуперЦОН» – Қазақстандағы жаңа форматтағы мемлекеттік қызмет көрсету орталығы. Бұл жобаның артықшылығы – баспана алу, кезегін білу, коммуналдық сала секілді мемлекеттік қызметтердің бір жерде шоғырлануы. Бір терезе қағидасы арқылы қажетті мемлекеттік қызметтерді тиімді және жылдам алуды қамтамасыз етеді.

Министрдің пікірінше, «СуперЦОН» жұмысы қызмет алушылардың уақытын үнемдеуге, оңай әрі ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған. Жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолданып, кез келген адамның қажетті құжаттарды, мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі тиімді алуына мүмкіндік жасалған.

Жасұлан Мәдиев «СуперЦОН»-ның жұмысына оң бағасын беріп, оның басқа аймақтарда да енгізілуі, кеңінен таралуы қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін бірқатар шара қабылданатынын айтты.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

---

# СЫР ЖАСТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

**Аймақта жыл көлемінде жастар саясаты саласында атқарылған жұмыстарды қорытындылап, келесі жылғы міндеттерді айқындау мақсатында «Армандардан – іске: жастардың бастамашылдығы» атты облыстық жастар форумы өтті.**

Шарада сөз алған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталып, форум қатысушыларына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың лебізін жеткізді.

Сонымен бірге форумда сөз алған спикерлер Алмат Қуанышбаев IT саласы бойынша Рахметулла Жаппарбергенов ғылым саласы бойынша Әуелбек Қорғанбеков кәсіп ашу, мемлекеттік бағдарламалар бойынша жастарды қолдау бойынша, Ғани Әбдиев креативті индустрия және әлеуметтік желілер бойынша, Төлебай Әкімжан әскери-патриоттық бағыт бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, форумға қатысушы жастардың сұрақтарына жауап берді.

Айта кету керек, өңірде Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауы және облыс әкімінің бастамасымен серпінді жобалар

жүзеге асуда. Биыл өңір жастарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы» қабылданып, 100 жас отбасына пәтер кілті табысталды. Бағдарлама келесі жылы да жалғасын таппақ. Ол үшін қажетті қаржы облыстық бюджеттен қаралды.

Жыл сайын аймақта сұранысқа ие мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған облыс әкімінің 100 гранты тағайындалды. Бүгінге дейін 1 494 жас осы бағыт бойынша грант иегері атанды.

Жастар кәсіпкерлігі бағытында қаржылық қолдау бағдарламасы арқылы несие портфелі 5 млрд теңге болатын жас кәсіпкерлердің 227 жобасы субсидияланды. Сондай-ақ 2,7 млрд теңгеге жас кәсіпкерлердің 158 жобасы бойынша кепілдік шарты жасалды. «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 1,6 млрд теңгеге жас кәсіпкерлердің 93 жобасы қаржыландырылды. Ал 15 мыңға жуық жас жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылса, 608 жас жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған қайтарымсыз гранттар алып, кәсіптерін ашты.

Форум соңында жыл қорытындысы бойынша үздік деп танылған жастарға облыс әкімінің алғыс хаты табысталды.

**Дәулет ТҰРСЫНХАН**

# «АУЫЛ АМАНАТЫ» АУЫЛҒА НЕ БЕРДІ?

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ТИІМДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сүйенсек, бағдарлама шеңберінде ауыл тұрғындарының кәсібін дамытудың ажырамас бөлігі ресурстарды біріктіруде және ЖКҚ өнімін неғұрлым тиімді шарттарда өткізуді қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Алдағы уақытта ауыл тұрғындарының табысын арттыратын ауыл шаруашылығы кооперативтері болып саналады. Жобаны іске асыруда кезінде өңірлерде 400-ден астам ауыл шаруашылығы кооперативі құрылған. Өткен жылдың қорытындысына сүйенсек, елімізде 3911 ауыл шаруашылығы кооперативі жұмыс істеуде. «AMANAT» партиясының хатшысы Эльдар Жұмағазиев «Ауыл аманаты» бағдарламасы халыққа өте тиімді екенін айтады.

– «Ауыл аманаты» – бүгінде адамдардың табысын арттыратын жалғыз жоба, оған ұқсайтын бағдарлама жоқ. Біріншіден, 2,5 пайызбен несиені не банктер, не микроқаржылық ұйымдар бермейді. Екіншіден, банктер ауылда қаржылай несие бермейді, себебі онда кепілдікке беретін ештеңе жоқ деп есептейді. Тіпті олар несие берген күннің өзінде 0,4 коэффицентпен береді. Ал «Ауыл аманаты» бағдарламасында 0,7 коэффициентпен несие беру қарастырылған. Мәселен, несие алушының кепілдіктегі үйі бір миллион теңгеге бағаланса, 700 мың теңге беріледі. Ал банктер баспананы бір миллион теңгеге бағаласа, 400 мың теңге ұсынады. Жобаның осындай ұтымды жері бар, – дейді партия хатшысы.

## СЫР ӨҢІРІНДЕГІ СӘТТІ ЖОБАЛАР

Иә, ауылдарды дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық міндеттерінің біріне айналды. Сыр өңірінде де «Ауыл аманаты» бағдарламасы сәтті жүзеге асуда.

Осының нәтижесінде аймақта оң өзгеріс қалыптасып, кәсібін дөңгелеткісі келген кәсіпкерлер қатары көбейген. Мәселен, өткен жылы 3 млрд теңгеге 406 жоба іске қосылып, 713 жұмыс орны ашылған. Сонымен қатар биыл 4 млрд 596 млн теңгеге 575 жобаны жүзеге асырып, 610 жаңа жұмыс орнын ашу жұмыстары жүргізілген. Осының негізінде 1 млрд теңгеге 150 жоба қаржыландырылған.

Айта кеткен жөн, аймағымызда ауылдардың жағдайын жақсарту бойынша агробизнес өкілдері қарқынды жұмыс істеуде. Бұл бағытта «Абай-Дәулет» ЖШС нәтижесін атап өткенді жөн көрдік. «Абай-Дәулет» ЖШС «Ауыл аманаты» жобасы негізінде Сырдария ауданының «Бесарық» ауылынан 13 бизнес-бастаманы іске қосқан. Мұнда жартылай фабрикат, пластикалық ыдыстар, ағаш бұйымдар, тоқыма, сабын, кондитерлік өнімдер өндіретін цехтар ашылды. Қазіргі уақытта озық тәжірибені кеңінен тарату үшін облыстың әр ауданындағы 3-4 ауылда осындай бизнес-инкубаторлар ашу қолға алынуда. Сырдария ауданы, Бесарық ауылында жоба аясында бірнеше жаңа өндіріс орны бой көтерген. Солардың бірі – «Балауса» наубайханасы. «Ауыл аманаты» жобасы негізінде көпбалалы ана Гүлмира Өсербаева да өз кәсібін бастаған.

– «Ауыл аманаты» жобасына қатысуға өтініш білдіріп, «СПК-Байқоңырдан» жеңілдетілген 2,5 пайызбен 7 миллион теңге несие алдық. Осы қаражатқа қажетті құрылғыларды сатып алып, наубайхананы іске қостым. Оның алдында өзімнің сүйікті кәсібім ретінде үйде нан өнімдерін пісіріп сататынмын. Жобаның нәтижесінде бір мақсатым орындалып, наубайхана аштым. Қазіргі уақытта үш адамды жұмыспен қамтып отырмын. Наубайханада қазіргі таңда сұранысқа сай нан өнімдерінің, тәттілердің түрлері бар. Ауыл дүкендері де, тұрғындар да нанды менен алып, кәсібіме қолдау білдіруде. «Ауыл аманаты» – тиімді бағдарлама. Бірде-бір қаржы ұйымы 2,5 пайызбен несие бермейді. Бұл ісін жаңадан бастайтындарға және жас кәсіпкерлерге үлкен қолдау. Жоба аясында несие алып, өз кәсібімізді бастап кеттік. Алған қаражатты тиімді пайдалану, нәтижелі іске асыру – біздің міндетіміз. Жеңілдетілген несие – кәсіп бастайтын адамға үлкен мүмкіндік. Мемлекет тарапынан кәсіп бастаймын дегенге қолдау көп. Әсіресе, ауыл адамдары үшін осындай жобаның жүзе асып жатқанына қуанамыз. Осы жобаны тұрғындар тиімді пайдаланып, өз кәсіптерін бастаса деймін. Бастамамды қолдаған жандарға, отбасыма алғысымды білдіремін, – дейді кәсіпкер Гүлмира Өсербаева.

## АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚУАНДЫ

«Ауыл аманаты» жобасы ауылға қамқорлықтың бір парасы іспетті. Жоба жүзеге аса бастағанда ауыл тұрғындары қуанды. Себебі олардың кәсібін қолдауға қаражат қажет екені белгілі. Несие алғандар қатарында қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округінің тұрғыны Сәрсенгүл Аралбаева да бар.

– Көптен бері өз кәсібімді бастауды жоспарлап жүр едім. Алайда кәсіп бастау үшін қаражат жағы кедергі келтірген еді. Ауыл әкімімен кездесуде кәсіпкерлікті қолдауға арналған 2,5 пайыздық жеңілдігі бар несие туралы ақпарат алдық. «Ауыл аманаты» жобасымен кеңінен танысып, осы арқылы несие алуды жоспарладық. Жобаға құжат жинау және оны ұтып алу тұрғысында ешқандай мәселе болмады. Осылайша, 5 млн теңге несие алып, шұлық шығаруды қолға алдық. Ол қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға мүмкіндік болды. Қазір күніне 350-400 дана шұлық сатылуда. Іс алға басса, өндірісті кеңейту жоспарда бар. Қазіргі уақытта 2 адам жұмыс істейді. Өндіріс ауқымын кеңейтсек 8 адамды жұмыспен қамту жоспарланған, – дейді кәсіпкер.

Жұмыс көзінің жоқтығы ауыл адамдарының табысына әсер етпей қоймайды. Сондықтан да бұл жоба аясында жұмыс орындары ашылып, тұрғындар табысының артуына да септігін тигізгені көңілге қуаныш ұялатады. «Ауыл аманаты» жобасына ауыл тұрғындары үлкен үміт артып отыр. Себебі ауыл-аймақта өз кәсібін бастауға немесе кеңейтуге мүмкіндік болады деген сенім бар.

**Айтолқын АЙТЖАНОВА**
*«Апталықтың» коллажы*

**Басы 1-бетте**

# 2025 жыл: АЙЫППҰЛ ҚАНШАҒА ӨСЕДІ?

Биыл АЕК көрсеткіші 3692 теңге болды. Ал 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл мөлшер 3932 теңгеге жетпек. Бұл өз кезегінде жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің де көтерілуіне сеп болмақ. Әйтсе де, «таяқтың екі ұшы бар» дегендей, жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұл да осы көрсеткішпен тікелей байланысты болғандықтан, ол да артады.

Енді айыппұлдарға тоқтала кетейік. Жылдамдықты сағатына 10-20 шақырымнан асырған жүргізуші 5 АЕК, яғни биылғы 18460 теңгенің орнына 2025 жылы 19660 теңге төлейтін болады. Дәл осындай өзгеріс қауіпсіздік белдігін тақпасаңыз, шлемсіз жүрсеңіз немесе тоқтау және аялдау ережесін бұзсаңыз, алдыңыздан тосып тұр. Сонымен қатар бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткеніңіз үшін салынатын айыппұл қазір 36920 теңге болса, келер жылы 39320 теңгеге жетпек. Яғни, 10 АЕК. Жылдамдықты сағатына белгіленген мөлшерден 20-40 шақырым асыру, көлікті мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орынға заңсыз қою немесе жаяу жүргіншіні арнайы өткелден өткізбеу сияқты бағыттарда да осы көлемдегі айыппұл арқалайсыз.

Ал егер көлік жылдамдығын сағатына 60 шақырымнан және одан жоғары асырған жүргізуші 40 АЕК, теңгеге шаққанда 157280 теңге айыппұлдың дәмін татады. Бұл ретте үлкен жолдардағы орташа жылдамдықты есептегіш камералардың іске қосылғанын ескерген жөн. Мұндай ақылды камералардан қандай жүргізуші болса да айласын асыра алмасы анық.

Осы камераларға көп жүргізуші наразы екен. Мәселен, Айбек Сәнуардың жеті орындық тойота минивэн автокөлігін тізгіндегеніне 5-6 жылдың жүзі болды. Алдымен отбасындағы қолданысқа алған көлігін қазір қалааралық жолаушылар тасымалына мініп жүр. Кәсіптің көзі дегенмен қауіп пен қатердің ортасында жүреді. Күндіз-түні көліктің тізгінінде отыру оңай емес. Ол осы уақыт аралығында төлеген айыппұлдарын есептесе, кәдімгідей қынжылады.

– Әрине, ережені бұзайын деп бұзбайсың. Алыс жолда үнемі бір жылдамдықты ұстап отыру ұйқыны келтіреді. Қасыңа үнемі ертіп жүретін адам қайдан болсын?! Інім екеуміз ауысып, жүргізетінбіз. Ол үнемі босаң бермейді. Рас, әдепкіде көлік айдаған осы екен деп, даңғыл жолда жүйткітетін кездеріміз болды. Қазір орташа жылдамдық есептелетін болған соң, үнемі қалыпты отыруың керек. Ал жылдам жүргізген адам айналаға мән беріп, сергек отырады. Көлік баяулай қалса, қалғып кететін жағдай көп. Содан соң біздегі ережелер мен полиция қызметкерлері қауіпсіздікті емес, айыппұл салуды бірінші орынға қояды. Кейде тіпті, айыппұлды қалтасына салдыратын сәттер де жоқ емес. Ол жерде біз де кінәліміз. Оны мойындау керек, – дейді ол.

«Ереже бұзбасам тоқтатпайды», «Менің жүргізуші куәлігімнің жоқ екенін олар қайдан білсін» деген ойдан аулақ болыңыз. Егер тәуекелге бел байлап, рулге отырсаңыз немесе жолкөлік оқиғасы болған жерден кетіп қалсаңыз, бұрынғы 184600 теңгенің орнына 196600 теңгені қалтаңыздан суырып алып, бала-шағаңыздың аузынан жырып, төлеуіңіз керек болады.

Қоғамда көлік жүргізушілердің наразылығын тудырып жүрген мопед жүргізушілері де айыппұлдан тыс қалмайды. Бұрын көлік пен мопед соқтығысса, мопедті жаяу жүргіншіге санап, автокөлік иесін кінәлі қылатын кезең келмеске кетті. Енді 2025 жылдан бастап мопед көлік құралы болып саналады. Бесіктен белі шықпаған, аузынан сүт дәмі кетпеген балалар енді мұндай көлікті жүргізе алмайды. Жүргізгеннің өзінде ауласынан аспайды. Өйткені мопед жүргізушілеріне салынатын айыппұлдар да бар. Мәселен, куәліксіз жүрсеңіз, 5 АЕК, яғни, 19660 теңге, мемлекеттік нөмірі жоқ немесе дұрыс тіркелмеген мопед тізгіндесеңіз, 10 АЕК, 39320 теңге, жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік нөмір тақсаңыз 15 АЕК, 58980 теңге қаражатыңыздан қағыласыз. Көлік жүргізу құқығынан айырылған адам мопед басқарса 50 АЕК көлемінде 196600 теңге айыппұл төлейді немесе 10 тәулікке қамалады. «Тізгінде мен болған жоқпын» деген сылтау сізді құтқармайды, егер мопедті куәлігінен айырылған немесе куәлігі жоқ адамға берсеңіз де жоғарыда айтылған 200 мың теңгеге жуық қаражатты айыппұл ретінде төлеуіңіз керек болады. Еске сала кетейік, куәлігімен қоштасқандар үлкен қалаларда осы мопедті көлік етіп, жол қысқартып жүрген еді. Енді куәліксіз қалдыңыз ба, екі аяққа күш берсін дегеннен басқа айтарыңыз да болмайды.

Дәл осылай автокөлікке қатысты утиль алымына да тоқтала кетейік. 2025 жылы қозғалтқыш көлемі 1000 текше см-ден аспайтын жеңіл автомобиль үшін 294900 теңге беру қажет. Ал қозғалтқыш көлемі 2000 текше см-ден жоғары көлік үшін 688100 теңге, 3000 текше см-ге жетпесе, 983 мың беруге тура келеді. Қозғалтқыш көлемі үш литрден асатын автокөлік алғандар ел қазынасына 2260900 теңге құяды. Бұл алым елге электромобиль кіргізгенде ғана сұралмайды. Айтпақшы, есепке қою туралы да айтқан жөн, автомобильді бірінші рет тіркегенде сұралатын сома (0.25 АЕК) 923 теңгеден 983 теңге болып ауысады. Шыққанына 3 жылдан аспаған көлік алған тұлға 196600 теңге төлеуге міндетті. Ал 3 жыл бұрын және одан ерте шыққан көлікті бірінші рет тіркеу үшін қалтаңызда 1966000 теңге қаржы болғаны жөн. Мына соманы көріп отырып, жалпы шетелден көлік әкелу қаншалықты тиімді деген сауал туады. Елдегі азаматтардың шетелдік көлік алуына көмектесіп жүрген Бақытжан есімді азамат мұның жай-жапсарын айтып берді.

– Бұл біржақты қарайтын мәселе емес. Мысалы, ұшақпен баруыңызға 150 мың теңге кетті делік. Бірден айтайын, сіздің қалтаңыздағы қаражат 10 мың АҚШ долларынан төмен болу керек. Одан артық қаражатпен кіргізбейді. Ал Ресейде жүріп-тұруыңызға 100 долларға рубль сатып аласыз. Ал жатқан күніңізге қарай әр күнге 10 мың теңгеден шығыныңыз бар. Ресейден бері қарай Қызылордаға дейін 100 мың теңге қаражат жетеді. Мұнан кейін утиль алым мен есепке қою алған көлігіңізге байланысты. Сонда не ұтамыз дейсіз ғой. Біріншіден, ондағы автокөліктердің жағдайы біздің елдегіден әлдеқайда жақсы. Екіншіден, 800 мың теңге мен 1 млн теңге шамасында арзанға шығады. Қымбатшылық қысқан заманда темір тұлпардың тәуірін мінгісі келетіндерге жақсы мүмкіндік, – дейді ол.

Сайып келгенде, айыппұл да, утиль алым да, есепке қоюыңыз да айлық есептік көрсеткішпен қатар арта бермек. Бірақ елдегілердің бір қуанышы зейнетақы мен жәрдемақының, әлеуметтік төлемдердің де көбейіп жатқаны. Бірақ, мұндай төлемдер мың теңгеге артса, базар бағасы 3-4 есе көтерілетіні тағы бар. Осы біз инфляцияны қуып келеміз бе, әлде инфляция бізді қуып келе ме? Түсініксіз...

**Аян СПАНДИЯР**

**Басы 1-бетте**

**Меншік иесі:**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Бас директор**
**Марат АРАЛБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**

**Бас редактор**
**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
**Таралымы 3498** **Тапсырыс №2029**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА